



FARABI
UNIVERSITY – 90

QAZAQ UNIVERSITETI



Апталық
1948 жылдың
20 сәуірінен
шыға бастады

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ АПТАЛЫҚ ГАЗЕТ

WWW.FARABI.UNIVERSITY

№40 (1952) 11 ҚАРАША 2024 ЖЫЛ



ҚазҰУ QS Stars марапатына ие болды

Әл-Фараби атындағы
Қазақ ұлттық универ-
ситеті делегациясы
Макао (ҚХР) қаласында
өткен QS Higher Ed
Summit: Asia Pacific 2024
саммитіне қатысты.

Макао ғылым және техно-
логия университетінде ұйым-
дастырылған халықаралық жиын
үш күнге созылды. Ал саммиттің
қорытынды отырысы Гонконгта
өтті.

Ауқымды іс-шараға Азия
және Тынық мұхиты аймағын-



дағы ЖОО ректорлары мен өкіл-
дері, ғалымдар, білім беру ұйым-
дарының басшылары – барлығы
2000-нан астам адам келді.

Саммиттің ашылу салтана-
тында сөз сөйлеушілер Азия
және Тынық мұхиты аумағын-
дағы жоғары білім беру жұмы-
сын ұйымдастыру және болаша-
ғы туралы өз ойларымен бөлісті.


Іс-шарада QS халықаралық
рейтингтік агенттігі Әл-Фараби
атындағы Қазақ ұлттық уни-
верситетіне QS Stars бағдарла-
масы бойынша «Бес жұлдыз»
марапатын табыстады.

Сонымен қатар Әл-Фараби
атындағы ҚазҰУ саммит бары-
сында өткен көрмеге қатысты.
Келушілер назарына ҚазҰУ-дың
жетістігі көрсетіліп, оқу орда-
сының ғылыми инфрақұрылымы
таныстырылды.

Айта кетейік, 1 қараша күні
QS пре-саммитінің алғашқы
отырысы Әл-Фараби атындағы
ҚазҰУ-да өткен болатын.

Нұрсұлтан ЖЕКСЕНБАЕВ

Топ - 100 қатарында



2025 жылғы Азияның үздік университеттері –
QS Asia University Rankings 2025 рейтингінің нәти-
желері бойынша Қазақ ұлттық университеті
29-орынға ие болды.

QS Quacquarelli Symonds
аға вице-президенті Бен
Саутердің айтуынша, Қа-
зақстанның Азияның үздік
университеттері QS Asia
University Rankings рейтингі-
ндегі ұстанымдарының
күшеюі жоғары білім бер-
удің ең жоғары стан-
дарттарына сәйкестікке
және халықаралық тану-
дың өсуіне бейілділігін
көрсетеді.

22 қазақстандық ЖОО
көрсеткіштерін жақсартуда.
Үш ЖОО өз позицияларын

сақтады. Ал Қазақ ұлттық
қыздар педагогикалық уни-
верситеті бір жылдық үзі-
лістен кейін рейтинг тізіміне
оралды.

Еліміздің жетекші үш
жоғары оқу орны рейтингтің
алғашқы Top-100 универси-
тет санатында тұр. Оған
Әл-Фараби атындағы Қа-
зақ ұлттық университеті
мен Л.Н.Гумилев атындағы
Еуразия ұлттық универси-
тетімен қатар, қазір 89-шы
орында тұрған Satbayev
University қосылды.

Сумгаит мемлекеттік университетімен серіктестік



ғылыми ұйымдарымен белсен-
ді ынтымақтасады. Болашақта

Сумгаит мемлекеттік универ-
ситетімен тығыз байланыс ор-

натуға мүдделіміз. Бұған екі
университеттің әлеуеті толық-

тай жетеді деп санаймын», –
деді ректор.

Сөз соңында Жансейіт Түй-
мебаев мамандарды бірлесіп
даярлау, академиялық ұтқыр-
лық бағдарламасын іске асыру,
оқытушылардың біліктілігін арт-
тыру бойынша әріптестікті да-
мытуды ұсынды.

Өз кезегінде Руфат Азизов
ілтпат білдіргені үшін ҚазҰУ
басшылығына ризашылығын
білдіріп, серіктестікті арттыру-
ға бағытталған барлық баста-
малар мен ұсыныстарды қол-
дайтынын жеткізді.

Нұрсұлтан БАЗАРБАЙҰЛЫ

3-бет

Білгенімді
болашақ
мамандарға
үйретіп келемін



4-бет

«ҚазҰУ десе
елендеп
тұрамыз»



5-бет

Құрылыс
қарқын ала
бастады



Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде «Орталық Азияны зерттеу жөніндегі археозоологиялық орталық – ZooStan» алғашқы қазақ-француз ғылыми орталығы ашылды. Орталықты ашуға Франция тарапынан CNRS – Францияның жетекші мемлекеттік ғылыми мекемесі жәрдемдесті.

ZooStan орталығының негізгі мақсаты – соңғы миллион жыл ішінде адам мен жануарлар арасындағы қарым-қатынас динамикасының призмасы арқылы өткен тарихты зерттеу.

Орталықтың жұмысы аясында үш негізгі тақырып зерттеледі: «Палеофауна мен археологиялық орындардың эволюциясы», «Жануарлар адамзат қоғамының технологиялық, экономикалық және сим-

Қазақ – француз археозоологиялық орталығы ашылды



волдық қызметі эволюциясының қозғаушы күші», «Адамның экстремалды жағдайларда, әсіресе таулы жерлерде қоныстануы».

Ғылыми орталық құрамына Франция, Қазақстан, АҚШ, Пәкістан, Тәжікстан

және Қырғызстаннан келген 13 зерттеуші кіреді. ZooStan директоры – Уильям Рендю, ал Қазақстан тарапынан Ринат Жұматаев басшылық етеді.

**Нұрсұлтан
БАЗАРБАЙҰЛЫ**

Ұлттық психология саласында

еңбегі мол

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-да білім ордасының 90 жылдығына және профессор Құбығұл Жарықбаевты еске алуға арналған «Психология ғылымы және білім беру: тарихтан – болашаққа» тақырыбында II Жарықбаев оқуларының халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясы өтті.



Конференцияға Қазақстан, Қырғызстан, Ресей, Финляндия, Өзбекстан және басқа елдерден ғалымдар мен сарапшылар, ҚазҰУ және басқа да ЖОО оқытушылары мен студент жастар қатысты.

Алқалы жиында Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Басқарма Төрағасы – Ректор Жансейіт Түймебаевтың

конференция қатысушыларына арналған құттықтау сөзін ҚазҰУ-дың Басқарма мүшесі – академиялық мәселелер жөніндегі проректор Алтай Қазмағамбетов оқып берді.

Университет басшысының хатында көрнекті ғалым, қоғам қайраткері, ұлы педагог, педагогика және психология ғылымдарының докторы, Қазақстан Педагогика ғылымдары акаде-

миясының академигі, Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген ғылым және техника қайраткері, Ы.Алтынсарин және А.Байтұрсынов атындағы сыйлықтардың лауреаты, профессор Құбығұл Жарықбаевтың ұлттық психология саласына сіңірген елеулі еңбектері ерекше атап өтілді.

**Айнұр
АҚЫНБАЕВА**

Картографиядағы жасанды интеллект

жайы қозғалды

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-да білім ордасының 90 жылдығына арналған «Цифрлық шынайылық: картография, геоапараттық жүйелер және Жерді қашықтан зондаудағы жаңа сұраныстар» атты I халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция өтті.



Ғылыми жиынды Инженерлік және жоғары технологиялар кластерінің Ғарыштық технологиялар және Жерді қашықтықтан зондау орталығы, Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың география және табиғатты пайдалану факультетінің Картография және геоинформатика кафедрасы, ТМД елдеріндегі

ESRI дистрибьюторы және Data+ International компаниясы бірлесе ұйымдастырды.

Нью-Йорк мемлекеттік университетінің вице-президенті әрі проректоры, Қоршаған орта және орман шаруашылығы ғылымдары колледжінің профессоры Самюэль Мукаса «Жасанды

интеллект дәуіріндегі картография: мәселелер мен мүмкіндіктер» тақырыбында баяндама жасап, үлкен деректерді өңдеу құралы ретінде мол мүмкіндіктер ашатын картографиядағы жасанды интеллект рөліне тоқталды.

Гүл ҚҰТТЫБЕКҚЫЗЫ

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетіне Біріккен Араб Әмірліктеріндегі Әл-Қасимия университетінің ректоры Ауад әл-Халаф бастаған делегация арнайы жұмыс сапарымен келді.

Ғылым саласындағы әріптестік дамиды



Жүздесуде Басқарма Төрағасының орынбасары – бірінші проректор Еркін Дүйсенов құрметті мейманға университеттің жетістіктері туралы айтып, ҚазҰУ-дың БАӘ жоғары оқу орындарымен жоғары білім мен ғылым саласында бірлесіп атқарып жатқан жұмыстарына тоқталды.

Бүгінгі таңда Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті БАӘ-ның алты жоғары оқу орнымен ынтымақтасады. Қол қойылған келісімдер шеңберінде белсенді академиялық алмасу, ғылыми-зерттеу жұмыстары жүргізілуде. 2023/24 оқу жылында екі оқытушы, бір докторант және алты магистрант тағылымдамадан өту және ғылыми-зерттеу жұмыстарын орындау мақсатында Біріккен

Араб Әмірліктеріндегі жоғары оқу орындарына жіберілді.

«ҚазҰУ БАӘ университеттерімен әріптестік байланысты дамытуды көздейді. Соның ішінде Әл-Қасимия университетімен өзара тиімді ынтымақтастықты арттыруға мүдделіміз», – деп атап өтті проректор.

Кездесу соңында ҚазҰУ мен Әл-Қасимия университеті өзара түсіністік туралы меморандумға қол қойды.

Жүздесуден соң Әл-Қасимия университетінің ректоры Ауад әл-Халаф бастаған делегация шығыстану факультетіне барды. Қонақтарға факультеттегі «Араб тілі мен мәдениеті» залы көрсетілді.

Гүл БАЯНДИНА

Есептеу технологиясы перспективалары талқыланды



Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде «Информатика және қолданбалы математика» тақырыбында IX халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция өтті.

ҚазҰУ-дың 90 жылдығы аясында өткен шараны ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым комитетінің Ақпараттық және есептеуіш технологиялар институты, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Тұран университеті және Люблин техникалық университеті (Польша) бірлесіп ұйымдастырды.

Конференцияға Ресей, АҚШ, Финляндия, Италия, Германия т.б. 10-нан аса мемлекеттің өкілдері

қатысты. Олар информатика, басқару теориясы, жасанды интеллект және ақпараттық қауіпсіздік саласындағы өзекті мәселелер бойынша баяндамалар жасады.

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың ғылыми-инновациялық қызмет жөніндегі проректоры Жәмילה Айтжанова құттықтау сөзінде халықаралық ғылыми ынтымақтастық пен әлемдік ғылыми ортаға интеграцияның маңыздылығына тоқталды. Конференция барысында төрт секциялық отырыс ұйымдастырылып, онда жетекші ғалымдар, оқытушылар мен жас зерттеушілер өз әзірлемелерін таныстырып, ақпараттық және есептеу технологиялары саласындағы даму перспективаларын талқылады.

Айнұр АҚЫНБАЕВА

ҚазҰУ десе елеңдеп тұрамыз

Біз 1966 жылы ол кезде ҚазҰУ деп аталатын университеттің журналистика факультетінің табалдырығын аттадық. Деканымыз Тауман Амандосов болатын. Ұстаздарымыз Зейнолла Қабдолов, Мырзатай Жолдасбеков және тағы басқа танымал ғалымдардан білім алдық. Әлі күнге дейін алғашқы жылдардағы дәрістерімізді, әсіресе ұстаздардың ұстазы болған Зейнолла Қабдоловтан алған дәрісімізді ұмыта қойған жоқпыз. Есімізден шықпайды. Сөйтіп, оқу ордасы қабырғасындағы төрт жылымыз төрт күндей зырылдап өте шықты. Содан бері ҚазҰУ десе, елең ете қалатын түлектерге айналдық.

Содан бері талай жыл өтті, қара шаңырақ оқу ордасының мекені де өзгерді. Біз оқып жүргенде университет ғимараты Панфилов пен Хиуа көшелерінің қиылысында еді. Оқу ордасы мекенінің өзгеруіне байланысты оның мәртебесі де, мүмкіндігі де, абыройы да өсіп, асқақтады. Білім алып жатқан студенттердің де, оларға дәріс беріп жүрген ұстаздардың да қатары, легі молайды. Қазір мемлекет ішіндегі мемлекет, қала ішіндегі қала



сияқты Алматыға көрік беріп тұр. Бүгінде көшбасшы оқу ордасын елімізге танымал мемлекет қайраткері Жансейіт Қансейітұлы Түймебаев басқарады. Жансейіт Қансейітұлы университет тізгінін қолға алғалы білім ошағы әлемдегі алдыңғы қатарлы университетке айналды. Өзіміз де осындай көшбасшы қара шаңырақта білім алғанымызды мақтан тұтамыз. Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ оқу-ағарту майданында жетекші орында қала беретініне кәміл сенімдіміз. Қара шаңырақтың 90 жылдық мерейтойы құтты болсын! Сіздерге зор шығармашылық табыс, мықты денсаулық тілеймін!

Смағұл ЕЛУБАЙ,
жазушы, кинодраматург

Озық ой мен тың идея орталығы

Қазақта «Халық айтса, қалт айтпайды» деген сөз бар. Сондықтан өз басым ең алдымен ел-жұрттың пікіріне, көзқарасына, халықтың берген бағасына баса назар аударамын. Кез келген мәселеде мен үшін халықтың ұстанымы, бағасы биік. Біздің бала кезімізде осы Қазақ мемлекеттік университетін басқарған Әмірбек Жолдасбеков деген ректор болды. Сол кісінің атақ-даңқы ауылға дейін жетіп жататын. Орталық комитеттің саяси бюро мүшелері сол кісінің ой-пікірі, ұстанымымен санасатын. Міне, жоғары оқу орнының ректоры сол кісідей қайраткер тұлға болуы керек. Әрине, ондай адамдар сирек кездесетін құбылыс. Десе те, бүгінгі ЖОО тізгінін ұстап отырған басшылар сол кісілерге ұқсап бағуы тиіс. Мен мұны неге айтып отырмын? Өйткені жастар – қоғамның келбеті. Еліміздің болашағын сеніп тапсыратын біздің тұғырымыз. Сондықтан жастары білімді, бақуатты елдің алдағы күні де жарқын болмақ. Осы тұрғыдан алғанда, ЖОО-ларды бүгінгі жастарға үлгі-өнеге болатын мықты адамдар, қайраткер тұлғалар басқаруы керек деген ойдамын. Сонда білім алып жатқан жастар да сол кісілерге қарап ой түзейді, бой түзейді.

Жасыратыны жоқ, еліміздегі ең үлкен оқу ордасын түрлі басшылар басқарды. Беделі қисайған кезеңдер де болды. Енді қазіргі басшылыққа, ректор Жансейіт Қансейітұлына сол кісілердің жіберген кемші-



лігін түзеу оңай емес. Оған біраз уақыт керек.

Қазір ҚазҰУ-да үлкен өзгерістер, жаңалықтар болып жатыр. Оқу орнының халықаралық беделін көтеруге тың күш жұмсалып жатыр. Жан-жақтан білікті мамандарды тартып, кәсіби кадр даярлауға бел шеше кіріскен үлкен жұмыстар қолға алыныпты. Өзім өнер адамы ретінде оған өте қуаныштымын. Білімнің сапасы, ғылымның әлеуеті көтеріліп жатса неге қуанбасқа?! Сондықтан жастарға білім беріп, тәрбиелеп жатқан қара шаңырақ ҚазҰУ-дың 90 жылдық мерейтойы құтты болсын! Мемлекеттің дамуына зор үлес қосып, атсалысып жатқан еңбектеріңіз нәтижелі болсын. Жансейіт Қансейітұлы басқарып отырған ұжымға зор шығармашылық табыс, қажыр-қайрат, ақ жол тілеймін! ҚазҰУ – озық ойдың, тың идеяның орталығы. Алдағы уақытта да солай болатынына сенеміз.

Ерболат ТӨЛЕПБАЙ,
Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, Мемлекеттік сыйлықтың иегері

Бүгінде ұлт білімі мен руханиятын өркендетуге өзіндік үлес қосып жүрген еліміздегі маңдай-алды университеттердің бірі – Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетін бітірген түлектердің жетістіктері аз емес. ҚазҰУ түлектері арасынан еліміздің дамуына, ғылым-білімін жетілдіруге аянбай қызмет етіп келе жатқан тұлғалар жетерлік. Солардың бірі – елімізге белгілі тілші ғалым, филология ғылымының докторы, профессор, Қазақстан Ұлттық ғылым академиясының академигі Шерубай Құрманбайұлы.

Шерубай Құрманбайұлы 1991 жылы Әл-Фараби атындағы ҚазМУ-дың филология факультетін үздік бітірді. Қазақ тіл білімінің тарландарынан мол тәлім, білім алған жас сол білімді өмірлік кәдесіне жаратты. Оның дәлеліне бүгінде алаштанушы, терминтанушы, түркітанушы ретінде іргелі ғылыми еңбектер жазған қаламы қуатты ғалым, лауазымды мемлекеттік және қоғамдық қызметтерді атқарған қайраткер, ірі ғылыми ұжымдарды басқарған білікті басшы, бірегей тіл жанашыры екенін айтуымызға болады.

Біз мақаламызда ғалымның ҚазҰУ қабырғасында жемісті еңбек еткен кездерін қамтығалы отырмыз.

...Жанып тұрған жас маман ұстаздық қадамының алғашқы жылдарында (1996-99 жж.) Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың халықаралық қатынастар факультетінде Қазіргі шығыс тілдері кафедрасының меңгерушісі болды. Жаңадан ашылған кафедраға білікті мамандарды жинап, оның жұмысын жолға қоюға көп еңбек сіңірді. Өзі де халықаралық құқық, халықаралық қатынас мамандығы бойынша білім алып жатқан шәкірттерге практикалық қазақ тілінен сабақ берді. Кафедра доценттері, бүгінде елімізге танымал ғалымдар З.Күзеева, С.Жу-санбаевалармен бірлесіп 1998 жылы халықаралық қатынастар факультеті студенттеріне арналған «Қазақ тілі» оқу құралын және «Қазақ тілі практикалық курсы» пәнінің типтік бағдарламасын дайындайды.

Ал 1999-2001 жылдары филология факультетіндегі Қазақ тілі кафедрасын басқарды. Сол жылдары жартысы жас мамандардан тұратын кафедрамызға жас басшы келгеніне қуандық. Бұл кафедра университеттің барлық факультетіне қазақ тілін үйретумен айналысатындықтан, мемлекеттік тілге қатысты мәселелер де жетерлік болатын. Тәуелсіздіктің алғашқы онжылдығы болғандықтан, бүгінгідей емес, оқу материалдары да көп емес еді. Осы орайда, басшының бойы-



Қаламы қуатты ҒАЛЫМ

нан ең алдымен тіл тағдырына бейжай қарамайтын ұлтжандылығын байқадық. Жұмысқа кіріскеннен рухани тамырын ана тілінің тереңінен тартқан ғалым мемлекеттік тілді оқытудың әдістемелік негізін жасақтауға белсене кірісті. Яғни тілді үйретудің тетігі – мықты әдіснамалық негізде екенін ескеріп, өзі бас болып, заң факультетінің студенттеріне арнап «Қазақ тілі» (2001) оқу құралын жазып шығады. Бұл тілді мамандық аясында үйретуге бағытталған, салалық лексиканы меңгертетін алғашқы кәсіби қазақ тілі оқулықтарының басы еді. Сабағын шығармашылық ізденіспен өткізгісі келетін мамандарға жоғарыдағы бұл еңбектер үлкен көмек болды. Осы ізбен кейін практик оқытушылар да түрлі мамандықтарға қатысты «Кәсіби қазақ тілі» оқу құралдарын жаса бастайды. Сондай-ақ өзінің тікелей ұйымдастыруымен лингофон кабинетін ашып, кафедраны оқу құралдарымен, аудио-видеоқұрылғылармен жабдықтайды. Қазақ тілінің теориялық-әдістемелік мәселелеріне арналған талай жиындар өткізіп, түйінді мәселелерді көтеруге атсалысты.

Біз бір ұжымда қызмет істеген сол жылдары Ш.Құрманбайұлының іскер басшы ретінде таныдық. Жалғандыққа жаны қас, әділдігіне, адамгершілігіне, кадрға деген қамқорлығына, еңбекқорлығына, талапшылдығына, ұстанымының беріктігіне тәнті болдық.

Ғалым қай кезде де қоғамның саяси-мәдени өміріне белсене араласты. ҚР білім және ғылым министрінің кеңесшісі, ҚР Президенті Әкімшілігі басшысының кеңесшісі, Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігінің басқарма бастығы, Мәдениет министрлігі Тіл комитетінің төрағасы, «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры тіл құрылымының басшысы сынды қызметтерде де ұлттық тілдің ғылыми-теориялық мәселелерімен қатар, қолданбалы жағына келгенде істің тетігін

таба білетін іскер тұлға атанды. Осындай сан салалы мемлекеттік қызметтерді атқара жүріп, ұстаздық қызметті тастаған жоқ. Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ, СДУ, Астана университеттерінде де оқыту-ағартушылық міндетін абыроймен атқарды. Бұл ғалымның қасиетті ұстаздық қызметтен қол үзгісі келмейтін ұстанымын байқатса керек. Сондықтан ғалымның ғылымдағы белесі бір төбе, ұстаздық еңбегі бір төбе деуге болады. Осының өзі ғалымның еліміздің ғылыми кадрлар даярлау ісіне де бел шеше үлес қосып келе жатқанын көрсетеді. Бүгінде шәкірттері ҚазҰУ-да, басқа да білім ордаларында жемісті қызмет етіп жүр.

Шерубай Құрманбайұлының есімі алыс-жақын шетелге де белгілі. 2009 жылдан бастап әр жылдары Бейжіңдегі Орталық ұлттар университетіне бірнеше жыл арнайы шақырумен барып, дәріс оқыды. Ғалым ондағы тіл-әдебиет факультетінде оқитын, қазақ тіл білімінен теориялық ілімге шөлдеп жүрген қарақөздерімізді білім нәрімен сусындатып, қазақстандық білім көкжиегін танытуға да атсалысты.

Міне, оқу-ағартушылық жолындағы педагогтік бастыметі оқытушылықтан басталып, ерен еңбегінің арқасында академик дәрежесіне көтерілген ғалым әл-Фарабидай әлемдік ғұламаның атын иеленген қасиетті білім ордасының түлегі екенін үнемі мақтан тұтады.

Қорыта келгенде, альмаматеріміздің түлегі саналы ғұмырында ұлт ғылымы мен руханиятына осылайша аянбай қызмет етіп келеді. Абзал азаматты алып жас мерейтойымен шын жүректен құттықтаймыз! Қазақ ғылымына әлі талай сүбелі еңбектеріңіз қосыла беруіне тілектеспіз.

Алтынай ТЫМБОЛОВА,
А.Байтұрсынұлы атындағы Қазақ тіл білімі кафедрасының доценті, ф.ғ.д.

Құрылыс қарқын ала бастады



ҚазҰУ қалашығында жаңа оқу корпустары мен жатақханалар салу және қолданыстағы инфрақұрылымын реконструкциялау жобасы іске асып келеді.

Қазір республикалық жобаны іске асыру аясында ақпараттық технологиялар факультетіне және шетелдік жоғары оқу орындарының филиалдарына арналған үш оқу корпусының, студенттер, магистранттар мен докторанттарға арналған үш жатақхананың, оқытушы-профессорлық құрамға арналған бір тұрғын үйдің құрылысы басталды. Сондай-ақ Ө.Жолдасбеков атындағы Студенттер сарайы мен оқу-спорт корпусын реконструкциялау жұмыстары жалғасуда. Күрделі құрылыс

департаментінің берген ақпаратына қарағанда, күні бүгінге дейін мынадай жұмыстар орындалған:

* Жоғарыда біз атап өткен оқу корпустары бойынша қазаншұңқырлар қазылып, инженерлік-геологиялық зерттеулердің нәтижелері бойынша жобалау бюросы қада қадау туралы шешім қабылдады.

* Студенттік жатақханалардың іргетасы құйылып, жерасты қабатының темір-бетон қабырғалары құйылды.

* Оқытушы-профессорлық құрамға арналған тұрғын үй бойынша қазаншұңқыр қазылды.

* Қайта жаңғыртылатын объектілер бойынша демонтаж жұмыстары аяқталып, әрлеу жұмыстарына дайындық жүргізілуде.

Гүлзат НҰРМОЛДАҚЫЗЫ



Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың құрылғанына 90 жыл толған мерейтойы аясында танымал түлектеріміздің жас білімгерлермен қауышуы құптарлық жайт екені белгілі.

Осы орайда, Қазақстан халқының тілдері мерекесіне және ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлының туған күніне орай, филология факультетінде Қазақ әдебиеті және әдебиет теориясы кафедрасының ұйымдастыруымен белгілі жазушы, ҚР Мемлекеттік сыйлығының иегері, факультет түлегі, тіл жанашыры Бексұлтан Нұржекеұлымен кездесу өтті. Оқырман жүрегінен кеңінен орын алған жазушы шығармашылығына қызыққан факультет ұжымы мен студенттері белсене қатысты.

Ахмет Байтұрсынұлының тіл білімі саласындағы орасан еңбегінің маңыздылығына тоқтала келіп, көрнекті қаламгер Бексұлтан Нұржекеұлы жиынға қатысушыларға тіл тазалығын бұзбау мен оны сақтаудың аса қажеттілігін түрлі мысал келтіре отырып түсіндірді. Жазушы тілдің құдіреттілігі, оның өміршеңдігі турасында біршама сөз қозғады. Қазақ тілінің, қазақ тіл білімінің өткені мен бүгінгі арасында айырмашылық барын, көптеген қателерді түзету ендігі жастардың, болашақ зерттеушілердің міндеті екенін алға тартты. Қазақ тілінің жалғамалы тілдердің қатарынан, яғни бастапқы түбір қосымша жалғанған кезде еш өзгеріссіз жазылуы тиіс. Алай-

Емтихан – студенттік өмірдің маңызды бөлігі саналады. Алайда ол айтарлықтай күйзеліс тудыруы мүмкін.

Емтиханға дайындық барысында көптеген студенттер мазасыздықты сезінеді, «аман өтем бе, жоқ па?» деп уайымдайды. Мұндай жағдай білім алушылардың үлгерімі мен денсаулығына кері әсер етуі мүмкін. Сонымен емтихан тапсырарда өзіңді қалай ұстау керек? Неден сақтанған абзал? Біз бүгін бұл мақалада күйзелісті жеңуге және емтихандарға тиімдірек дайындалуға көмек беретін түрлі әдістерді қарастырамыз.

Жоспарлау. Күйзеліс деңгейін төмендетудің негізгі әдістерінің бірі – дұрыс жоспар құру. Емтиханға дайындықты алдын ала бастаңыз: а) «Кесте құру» – әр пәнді оқуға қанша уақыт кететінін анықтаңыз және кесте жасаңыз. Оған қайталау, содан кейін демалыс уақытын қосыңыз. б) «Емтиханның материалдары бөліктерге бөліңіз» – бір уақытта көп ақпаратты оқу адамның санасына, материалды толық қабылдауына кері әсерін тигізуі мүмкін. Материалды кішігірім тақырыптарға бөліп, оларды кезекпен қайталасаңыз, санаңызға тез сақтап қаласыз. в) «Алдыңызға мақсат қойыңыз» – қол жеткізуге болатын шағын мақсатыңызды жазып қойыңыз. Бұл сізге жетістікті көруге және бірқалыпты дайындықты күшейтуге көмек береді. Денсаулық. Денсаулығыңыз

Тіл – ұлттың жаны



да бүгінгі күнгі емлеңіз ұлттық тіл заңдылығын, қолданысын сақтауда, келер ұрпаққа аманаттауда қыруар еңбек күтіп тұрғанын тілге тиек етті. Тілдегі орфографиялық, орфоэпиялық заңдылықтардың бұзылуына алаңдаушылығын жеткізді. Бүгінгі күні қазақтілді дикторлардың да тілдің әуезділігін сақтауға қосар үлесінің молдығын айтып өтті.

Бексұлтан Нұржекеұлы – әйел тақырыбында жиі қалам тербейтін жазушы. Көптеген туындыларына арқау болған да осы тақырып. Жазушының студенттер арасында жиі оқылатын «Бейтаныс әйелдің құпиясы», «Әй, дүние-ай!», «Бір өкініш, бір үміт» т.б. шығармалары да кездесуде тілге тиек етілді. Тарихи тұлғалар өмірінен сыр шерткен қаламгердің дерек пен дәйекті дұрыс сөйлетудің, ұлт тарихының қалың қатпарлы тұстарын зерттеу мен зерделеудің көкейкесті мәселелерін дұрыс пайымдаудың маңыздылығына тоқталды. Бексұлтан Нұржекеұлы сту-

денттер алдында тарихқа да көз жүгіртті. Тарих сахнасынан орын алған түркітөкес ұлы тұлғалардың тұрлаулы істері туралы пайымы көпшіліктің көңілінен шықты.

Жазушының жеке шығармашылық әлемі, ондағы кейіпкерлер тағдыры мен прототиптері жайлы да сөз қозғалмай қалған жоқ. Өзінің шығармалары туралы, қозғаған тақырыптары мен көтерген мәселелері жайлы, көркем шығарма жазудағы шеберліктің орны мен маңызы жөнінде айта келіп, болашақ ақын-жазушыларға ақыл-кеңесін де аямады. Жазушылыққа, шығармашылыққа қызыққан студенттер өз сұрақтарын емін-еркін қоя білді, оған жазушы тарапынан тұшымды жауап берілді.

Шоқан ШОРТАНБАЙ,
Қазақ әдебиеті және әдебиет теориясы кафедрасының аға оқытушысы,
Айсұлу ОРЫНБАСАР,
«Әдебиеттану» мамандығының 3-курс студенті

Емтихан кезіндегі күйзелістен қалай құтылуға болады?



психикалық күйіңізге тікелей әсер етеді. Сондықтан төмендегі ақыл-кеңеске назар аударыңыз: а) «Дұрыс тамақтану» – дұрыс әрі пайдалы ас мәзірін құруға тырысыңыз. Көкөністі, жеміс-жидек пен дәнді дақылдарды көбірек тұтынған жөн. Көңіл күйдің күрт өзгеруіне алып келетін тым көп кофеин, газдалған сусындардан және тәттіден аулақ болған абзал. б) «Ұйқы» – дұрыс ұйқының болмауы адамның денсаулығын бұзып, есте сақтау қабілетін нашарлатуы ықтимал. Түнде кем дегенде 7-8 сағат ұйықтауға тырысыңыз, әсіресе емтихан алдында. в) «Белсенділік» – тұрақты жаттығу жасау күйзелістің деңгейін төмендетуге және әл-ауқатты жақсартуға жәрдемдеседі. Бұл йога, жүгіру, таза ауада серуендеу немесе кез келген басқа спорттық жаттығулардың бір түрі болуы мүмкін. Қолдау көрсету. Отбасыңыз

бен достарыңыздың қолдауы туралы ұмытпаңыз: а) «Сіз неден қобалжып отырсыз, соны талқылаңыз» – достарыңызға неден қобалжитыныңызды айтып, ойыңызды толық жеткізуге тырысыңыз. Достарыңызбен сырласу арқылы күйзелісті басуға болады. б) «Бірге оқу» – топтық сабақтарды ұйымдастырыңыз. Бір топта оқитын студенттермен материалды талқылау қиын тақырыптарды жақсырақ түсінуге әрі оқу процесін жеңілдетуге оң ықпалын тигізеді.

Уақытты басқару әдістері. Уақытты тиімді басқару күйзеліс деңгейін төмендетуге оң ықпал етеді: «Таймер» – таймерді алып, белгілі бір уақытқа қойыңыз. Бұл тапсырмаға көңіл бөлуге, сондай-ақ кейінге қалған тапсырманы орындаудан аулақ болуға көмектеседі.

Емтихан тапсыру студенттерді күйзеліске әкелуі мүмкін. Алайда дұрыс әрекет арқылы мазасыздық деңгейін айтарлықтай төмендетуге болады. Есіңізде болсын, денсаулығыңызды күту, жоспарлау, достарыңыздың қолдауы сәтті дайындыққа әкелуі мүмкін. Емтихан адамның басынан өтетін маңызды кезең, сондықтан оған сеніммен қарау қажет.

Рақым ЫНТЫҚБАЕВ,
журналистика факультетінің 3-курс студенті

В этом году исполнилось 90 лет со дня образования Казахского национального университета им. Аль-Фараби и факультета химии и химической технологии соответственно. За это время более 20 000 студентов-химиков получили свои дипломы. На сегодняшний день наши выпускники востребованы на ведущих предприятиях химической промышленности Казахстана и ближнего зарубежья. Одним из таких предприятий является завод по производству смазочных материалов ЛУКОЙЛ Лубрикантс Центральная Азия.

Дружба университета и предприятия



«Студенты химфака всегда составляли основной костяк нашей лаборатории. Высокий уровень подготовки и мотивации позволяет им быстро адаптироваться к работе в условиях многозадачности, а также достаточно быстро разобратся в современном инновационном оборудовании лаборатории», – поделилась своими наблюдениями Мадина Васильевна.

Ежегодно десятки студентов проходят производственную практику на базе лаборатории ЛЛЦА. В прошлом году компания обратилась к факультету с предложением включить в перечень дипломных работ профильные для завода темы и взяла обязательства по организации преддипломной практики. Так, двое студентов несколько месяцев трудились над дипломной работой в лаборатории предприятия. Выпускники зарекомендовали себя с положительной стороны и по окончании практики получили приглашение на ежегодную оплачиваемую стажировку. Прошлой вес-

ной химический факультет, студенческая секция SPE KazNU и ЛЛЦА провели «ЛУКОЙЛ. PETROGAMES» - олимпиаду по химии среди студентов 3 и 4 курсов. Участники олимпиады, дошедшие до финала, получили денежные призы и приглашение на оплачиваемую стажировку в ЛУКОЙЛ Лубрикантс Центральная Азия.

На сегодняшний день на заводе трудятся десятки выпускников факультета химии и химической технологии КазНУ им. Аль-Фараби. Совместными усилиями университета и предприятия проводится объемная работа по подготовке профильных специалистов в области химии масел. Компания нуждается в подобных специалистах и совместно с факультетом стремится сделать профессию химика-лаборанта интересной, современной и, главное, востребованной.

Фатима КАНАПИЕВА,
и.о. доцента кафедры
физической химии, катализа
и нефтехимии

По плану воспитательной и военно-патриотической работы на военной кафедре НАО «Казахский национальный университет имени Аль-Фараби» спланирован комплекс мероприятий по пропаганде героического прошлого, боевых и трудовых подвигов нашего народа, повышению имиджа Вооруженных Сил Республики Казахстан.

Школьники Алматы – гости военной кафедры



В рамках данного плана 6 ноября 2024 года на военной кафедре проведен День открытых дверей для учащихся 155-й общеобразовательной школы Ауэзовского района города Алматы. В начале встречи, школьникам была показана презентация о 90-летней истории университета и военной кафедры, видеофильм о подготовке офицеров запаса и дайджесты новостей военной кафедры. В музее, отделе военно-патриотической работы с учениками была проведена интересная экскурсия. Именные аудитории народных героев Казахстана С.Нурмагамбетова и Б.Момышулы, стали площадкой, где преподаватели и студенты военной кафедры провели лекторий «Твои герои Казахстан!» с показом фильмов и презентаций о героях казахстанцах.

При показе учебно-материальной базы военной ка-

федры, старшеклассники ознакомились с учебными аудиториями по технической, огневой, разведывательной подготовке и связи. Была продемонстрирована учебно-боевая техника мотострелковых войск и войск ПВО Сухопутных войск. Особый интерес школьники проявили к работе интерактивного лазерного тира, динамического тренажера боевой машины пехоты, электронного тренажера переносного зенитно-ракетного комплекса. На тактическом и караульном городках были проведены занятия по тактической подготовке и организации караульной службы.

Проведенное мероприятие носит не только профориентационную направленность, но и имеет важное воспитательное значение в подготовке настоящих патриотов Казахстана!

Каиржан ТУРЕЖАНОВ

С целью укрепления здоровья населения в системе здравоохранения разработана стратегия внедрения программ ЗОЖ (школа диабета и др.), предусмотренные МЗ РК в профилактике хронических неинфекционных заболеваний, при этом роль медицинской сестры в их реализации многогранна и требует междисциплинарного подхода:

Роль медицинской сестры

нно предоставлять рекомендации.

3. Групповая работа и поддержка: групповые занятия – школы здоровья, как обучение управлению хроническими заболеваниями организуемые в медицинских учреждениях, способствующие формированию чувства общности, коммуникации среди пациентов с одинаковым медицинским диагнозом (сахарный диабет, гипертоническая болезнь).

Здоровый образ жизни (ЗОЖ) — это система поведения и привычек, направленных на поддержание и укрепление здоровья, профилактику заболеваний и улучшение общего качества жизни.

В обучении пациентов имеются проблемы и барьеры:

1. Низкая мотивация пациентов: одной из главных трудностей при внедрении программ по ЗОЖ является недостаточная мотивация у некоторых пациентов. Медицинские сестры должны при-



менять различные мотивационные техники, включая мотивационное интервьюирование, чтобы помочь пациентам осознать важность изменения образа жизни.

2. Социальные и экономические факторы: финансовые ограничения, нехватка времени и недостаток поддержки со стороны семьи могут стать барьерами для пациентов. Медицинские сестры играют ключевую роль в выявлении этих барьеров и разработке стратегий их преодоления.

3. Недостаток ресурсов: для успешного внедрения программ по ЗОЖ необходимы соответствующие ресурсы, такие как обучающие материалы, время и поддержка со стороны учреждения здравоохранения. Медицинские сестры могут столкнуться с ограничениями по времени и рабочей нагрузке, что требует разработки эффективных методов работы.

Для повышения эффективности программ по ЗОЖ рекомендуется развивать сотрудничество между различными специалистами здравоохранения, расширять использование цифровых технологий и проводить регулярные оценки программ. Важно также усилить подготовку медицинских сестер в области ЗОЖ, чтобы они могли более эффективно выполнять свои роли.

Медицинская сестра выступает в роли одного из главных агентов изменений, способствуя внедрению и поддержанию ЗОЖ среди па-

циентов. Ее функции включают образование, мотивацию, мониторинг и адаптацию программ ЗОЖ под индивидуальные потребности каждого пациента. Это требует от медсестер не только профессиональных знаний, но и навыков коммуникации, эмпатии, а также умения работать с разными категориями пациентов, учитывая их социальные, культурные и экономические особенности.

Роль медицинской сестры в реализации программ по здоровому образу жизни неопределима. Медицинские сестры могут стать ключевыми агентами перемен, оказывая поддержку пациентам на пути к улучшению их здоровья и повышению качества жизни. Преодоление существующих вызовов и использование инновационных подходов позволит значительно увеличить положительное влияние программ по ЗОЖ на здоровье населения.

Мунирам КУРБАНОВА,
докторант 1-го курса
кафедры политики и
организации
здравоохранения

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің 90 жылдық мерейтойына орай, журналистика факультетінің 3-курс студенттері үш бөлімді «FARABI – 90» атты деректі фильм ұсынбақ.

Фильмнің мақсаты – 90 жылдық тарихы бар қара шаңырағымызды еліміздің білім-ғылым, алғашқы оқу-ағарту саласының қалыптасуы мен даму кезеңдерінің куәгері ретінде көрсетіп, ғасырға жуық уақытты еңсерген оқу ордасының әр жетістігін мақтанышпен жеткізу.

Бірінші және екінші бөлімде университеттің белгілі ғалымдары мен ұлағатты ұстаздарының еңбегін, жалынды студент жастарының білім-ғылымға деген құштарлықтары мен ізденімпаздығын, қоғамның ілгері қадам басуы үшін істеп жатқан белсенділіктерін көрсетеді.

Ал үшінші бөлім университеттегі ең іргелі – журналистика факультетіне арналған. Әр

Жаңа фильм 90 жылдыққа тарту



оқиға, айтылған сөз бен бейнелер, есімдер тарихта қалатыны белгілі. Мақсат – қасиетті қара шаңырақтың өніп-өсуіне, көркеюіне өз үлесін қосқан жандардың есімін ардақтау. Фильмде журналистика факультетінің тарихынан бөлек, ең алғашқы декандар мен оқытушылар, олардың ғылыми еңбектері көрсетіледі. Сондай-ақ

бүгінде білім беріп жүрген ұлағатты ұстаздар фильмнің басты кейіпкерлері ретінде көрініс табады.

Аталмыш бөлімдердің бір-біріне ұқсамауын, өз беттерінше даралануын қадағалап, түрлі бағытта түсірілуде. Бүгінде журналистика факультетінің студенттерінен құралған шығармашылық топ қызу дайындық үстінде. Мамандық пен білімге деген құштарлықты бір арнаға тоғыстырып, білім ордасының дамуына өз үлестерін қосқысы келетін студенттердің жұмыстары сәтті шығатынына ешкім де дау тудыра алмайды.

– Осы жаңа оқу жылынан бастап «Сценарий жазу шеберлігі» пәні бойынша сабақ беріп келемін. Студенттер дәріс тыңдап, тәжірибелік сабақтарда сценарий жазу құпияларын үйренуде. Сондықтан оның нәтижесі ретінде фильм жасау туралы тапсырма берген болатынбыз. Әрине, бұл – эфирлік емес, тәжірибелік туынды. Кейін олар оқуды бітіргенде телесценарийдің әліппесін біледі, дайын болады, – дейді жоба жетекшісі, Баспасөз және электронды БАҚ кафедрасының оқытушысы Иманбай Жұбай.

Дана САДЫРҚАН,
журналистика факультетінің
3-курс студенті



Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің журналистика факультетінде студенттерге арналған іс-шара өтті. Іс-шараның басты қонағы – Қазақстанға белгілі суретші, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты, кескіндемеші, журналист және мәдениет қайраткері Жанұзақ Мүсәпір болды.

Өзінің шығармашылық жолында Жанұзақ Мүсәпір бірнеше салада еңбек еткен: мұғалім, мектеп директоры, Т.Жүргенов атындағы Алматы мемлекеттік театр және кескіндемеші институтында оқытушы, «Қазақфильм» киностудиясында суретші-режиссер, сондай-ақ «Алматы», «Рахат», «Хабар агенттігі», «Қазақстан РТРК», «Мәдениет», «Білім және мәдениет» сияқты ұлттық телеарналарда редакторлық қызметтен бастап, түрлі ақпараттық дирекцияларды басқарған. Қа-

Суретші, журналистпен салиқалы кездесу



зіргі таңда ол «Абай» телеарнасында суретшілердің өмірі мен шығармашылығына арналған «Құдіретті қылқалам» бағдарламасын жүргізеді.

Журналистика факультетінің деканы Қанат Әуесбай студенттерді Жанұзақ Мүсәпірдің шығармашылық жолымен таныстырды.

Бұл басқосу журналистика факультетінің студенттеріне құнды тәжірибе берді. Олар көкейдегі сұрақтарына жауап алып, шығармашыл, қайраткер тұлғаның қарапайымдылығы мен ашықтығына тәнті болды.

Қадірлі қонақ ұлттық университеттің журналистика факультетінің жаңа тынысымен танысып, студенттермен үш сағатқа созылған сырлы сұхбат өткізіп, жастардың зор ықыласын сезініп қайтты.

Гүл ҚҰТТЫБЕКҚЫЗЫ

Өткен ғасырдың 70-жылдарында С.М.Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетінде білім алған, жеңіл атлетикадан бес жыл университеттің, үш жыл қатарынан Алматы қаласының чемпионы болып қара шаңырақтың абыройын асқақтатып, туын желбіреткен Тоқтархан Тезекбаев бір кездерде өзі түлеп ұшқан оқу орнының басшылығын, ғалымдарын, ұстаздарын, студенттерін 90 жылдық мерейтойымен төл газеттері арқылы құттықтау үшін Өскемен қаласынан редакциямызға арнайы келіпті.

Желаяқ Қосановпен бірге жаттыққан түлек



– Өзім оқыған оқу орнының қандай да болсын жетістіктерін мақтан тұтамын. Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті сапалы білім беруде, жоғары білікті мамандар даярлау ісінде қашанда алда, білім беру саласында ғылыми-зерттеулер жүргізуде де әрдайым көш басында келеді. Қазақ ұлттық университетінің барша ұжымымен 90 жылдық мерейтойымен шын жүректен құттықтай отырып, университет профессорлары мен оқытушыларына аса жауапты студенттерге сапалы білім, саналы тәрбие беру жолындағы еңбектеріңізге толағай табыс және ғылыми жетістіктер тілеймін! – дейді университетіміздің түлегі, зейнеткер Тоқтархан Тезекбаев.

Тоқтархан аға 1972-79 жылдары тарих факультетінде этнография мамандығы бойынша оқыпты. Бала кезінен спортқа бейім болып, жеңіл атлетикадан ауданда алдына жан салмайтын болған. Сол жылдары оны студенттердің «Буревестник» спорт қоғамында жеңіл атлетикадан үлкен спортқа дайындаған екен. 1975 жылы КСРО универсиадасына, 1976 жылы Орта Азия және Қазақстан чемпионатына қатысып, жүлделі орындарды жеңіп алған. Спорттағы жетістіктері үшін Қазақстан БЛЖО ОК Құрмет грамотасымен, университет комсомол комитетінің бірнеше грамотасымен, ҚазМУ ректоры Ө.Жолдасбековтің алғыс хатымен марапатталған. Университетте оқыған жыл-

дары «Желаяқ» деген атпен танымал болған.

– Университетімізден мықты спортшылар көп шықты, – деп еске алады Тоқтархан Тезекбаев. – Мен 400, 800, 1500 метрлік қашықтыққа жүгірдім. Бізді Қазақстанның жеңіл атлетикасына еңбегі сіңген тренер Геннадий Дорофеевич Иванов жаттықтырды. Университеттік командада Владимир Волков, Фазыл Қалиев, Владимир Богданчиков, Сергей Тараненко, аты аңызға айналған қазақстандық желаяқ, олимпиаданың күміс жүлдегері Ғұсман Қосановтармен бірге жаттығып, батасын алдым. Ыстықкөлдін жағасында жатып та үлкен жарыстарға дайындалатынбыз. ҚазМУ атынан КСРО бойынша студенттер арасындағы жарыстарға жиі шығатынбыз. Университет командасы құрамында Ташкент, Тбилиси, Донецк, Винница қалаларында өткен студенттер арасындағы ойындарға қатыстым. Сол кездерде «КСРО спорт шеберлігіне кандидат» деген спорттық дәрежеге жеттім. Қазір жасым жетпіске келсе де қалалық жарыстарға қатысып, жүлделі орындарға қол жеткізіп жүрмін. Бұл да студенттік өмірден алған тәжірибелерімнің бірі деп ойлаймын. Студенттерге айтарым, спорт деген – үлкен әлем, денсаулықтың кепілі, сондықтан оған үнемі уақыт бөліп, жас кездеріңде ынта қою керек.

Қайыржан ТӨРЕЖАН

Астана қаласында ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым комитеті, Мемлекет тарихы институты және «Bilim-orkenietі» ұлттық инновациялық ғылыми-зерттеу орталығының ұйымдастыруымен өткен «Қазақстанның 100 үздік студенті» және «Түркі халықтарының үздік студенті» республикалық байқауының жеңімпаздарын марапаттау рәсімі салтанатты түрде өтті.

Бұл іс-шара еліміздің білім мен ғылым саласындағы талантты жастарды қолдап, олардың жетістіктерін бағалауға бағытталған маңызды оқиға болды. Байқау жастардың шығармашылық әлеуетін ашуға, болашақта Қазақстанның дамуына үлес қосатын азаматтарды анықтап, оларға қолдау көрсетуге арналды.

Марапаттау рәсіміне заң факультетінің аға кураторы ретінде өзім және факультеттің 2, 3, 4-курс студенттерінен тұратын 80-ге жуық үздік, белсенді білім алушылар қатысып, марапатқа ие болды. Студенттер оқудағы жетістіктері мен қоғамдық өмірдегі белсенділігі үшін арнайы марапаттарға ұсынылып, олардың еңбектері жоғары бағаланды. «Қазақстанның 100 үздік студенті» және «Түркі халықтарының үздік студенті» байқауының жеңімпаздары – болашақта еліміздің ғылыми және әлеуметтік дамуына үлкен үлес қосатын жас көшбасшылар.

Қазақ халқының ұлттық киімі – ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып келе жатқан, елдің ғасырлар бойы қалыптасқан терең талғамын, сәндікке, көркемдік пен үйлесімге ұмтылған жасампаздығы мен шығармашылығының жетістігін бойына сіңірген құбылыс. Оның қай-қайсымыздың болса да, ұлттық мақтаныш сезімімізді оятатыны белгілі.

Ұмыт болған мұраның сабақтастығын жаңғырту мақсатында «Ұлттық киім – ұлт бейнесі» атты іс-шара арқылы жоғары оқу орнына дейінгі білім беру факультеті қазақтың ұлттық киімдерін өскелең ұрпақтан-ұрпаққа жеткізуді қолға

Студенттер еңбегі лайықты бағаланды



Іс-шарада университетіміздің ректоры Түймебаев Жансейіт Қансейітұлына, сондай-ақ факультетіміздің деканы Ахатов Уәлихан Ақыпбекұлына студенттеріміздің жетістіктеріне көрсеткен қолдауы мен сенімі үшін шынайы алғыс білдірілді. Университетіміздің басшылығы жастардың шығармашылық қабілетін, ғылыми ізденістерін қолдап, оларға жаңа мүмкіндік ашу үшін әрқашан бар күш-жігерін салып келеді.

Бұл марапаттау рәсімі – тек білім алушылардың еңбегін бағалау ғана емес, сонымен қатар еліміздің болашағына бағдар беретін жас мамандарды қалыптастыруға бағытталған маңызды қадам. Шараның басты мақсаты – жастардың білім-ге деген ынтасын арттыру,

оларға өз қабілеттерін ашуға мүмкіндік беру. Сонымен қатар студенттерге түрлі ғылыми және әлеуметтік бағыттарда жетістікке жету үшін қажетті қолдаулар мен ресурстарды ұсыну арқылы олардың болашақта еліміздің дамуына үлкен үлес қосуына жағдай жасау. Осындай құрмет пен қолдау еліміздің барлық салаларында жастардың белсенділігі мен мүмкіндігін ашуға ықпал етеді. Бұл өз кезегінде Қазақстанның тұрақты әрі дамыған қоғам құруға деген ұмтылысын арттырады.

Рысбек ТҰРЫСБЕК,
Қылмыстық құқық,
қылмыстық іс жүргізу
және криминалистика
кафедрасының
оқытушысы

География, жерге орналастыру және кадастр кафедрасының 4-курс студенті Бекмұхамет Тілеуқабылов 2021 жылы 1-курс студенті болып қабылданғаннан бастап өзінің үлгілі тәрбиесімен көрініп келеді. Кафедрадағы, факультеттегі, университеттегі барлық іс-шараларға белсене қатысады.

Сабағы – үздік, тәртібі – үлгілі

Бекмұхамет сабақта, спортта, КТК-да (Көңілді тапқырлар клубы) өзін ерекше қырынан көрсетіп жүр. Тек биылғы оқу жылының өзінде өте жақсы сабақ үлгерімімен қатар, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің «Сұңқар» студенттер мен магистранттар кәсіподағының ұйымдастыруымен өткен «Сұңқар кубогы» КТК ойындарына қатысып, жүлделі 2-орыннан көрінді. Бекмұхамет таяуда Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Басқарма Төрағасы – Ректор Жансейіт Қансейітұлының қолынан 100 мың теңге арнайы сертификат алды. 1-курстан бергі үздік сабағы мен үлгілі тәртібін және барлық істегі белсенділігі үшін ол Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Адал адам – адал оқбақ – адал табыс» атты бағдарламалық мақаласындағы ұлттық құндылықтарды республикамыздың жастары арасында кеңінен насихаттау мақсатында өткен «Қазақстанның үздік студенті» атты республикалық байқауына қатысып, жеңімпаз атанды, I дәрежелі дипломмен және ҚР жастар саясатының дамуына қосқан үлесі, сондай-ақ қоғамдық іс-шараларға белсене қатысып, көшбасшылық қабілетін көрсете білгені үшін «Үздік сту-



дент» төсбелгісімен марапатталды.

Біз Бекмұхамет Тілеуқабыловты үлкен жетістігімен құттықтап, алар асуы мен жетістіктері көп болып, еңбегіне шабыт, жаңа шығармашылық ізденістер тілейміз. Бұл Бекмұхаметтің Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің 90 жылдық мерекесіне қосқан аздаған үлесі деп білейік.

Әлім МЫЛҚАЙДАРОВ,
ғ.ғ.к., География, жерге
орналастыру және кадастр
кафедрасы

«Baуyрсақ рату» жастарға ұнады

алып, өткен жылдың қазан айынан бастап, аптаның әр жұмасында ұлттық киімдерді насихаттау іс-шарасын өткізіп келеді. Жаңа оқу жылында да бұл үрдіс факультеттің күнтізбелік іс-шарасы ретінде жалғастырылуда. Факультетте ұлттық киім кию дәстүрі жастар арасында төл мәдениетімізді сақтап, ұлттық құндылықтарды дәріптеудің бір тәсілі ретінде қолданылып келеді. Жұма күні барлық ұстаздар мен тыңдаушылар ұлттық киім киіп келуді дәстүрге айналдырды.

Сондай-ақ ұлттық киімдерімізді насихаттаумен бірге ұлтты ұлт ретінде танытар өзінің өміршең салт-дәстүрі, ұлттық



жөн-жоралғысы болады. Солардың бірі – ұлттық ас. Жанданып отырған үрдіс бүгін заманауи жаңаша атаумен жалғасын тапты. Жоғары оқу

орнына дейінгі дайындық кафедрасының оқытушы-профессорлар құрамы және топ кураторлары «Baуyрсақ рату» дастарқанын жайды. Іс-ша-

раның мақсаты – ұлттық дәстүрімізді, қонақжайлық пен мейірімділікті дәріптеу, айналадағыларға көтеріңкі көңіл күй сыйлай отырып, ыстық бауырсақ арқылы ыстық ықылас, жылы лебіздерін сезіндіру. Сондай-ақ іс-шарада әр елден келген қандас бауырларымыз қазақтың ұлттық өндерін орындап, шараның көркін қыздыра түсті. Осылайша тарихи бай мәдени мұрамызды жастар жанында мәңгі қалдырып, ұрпақтан-ұрпаққа аманат етпекпіз.

Гүлнәзира МУЖИГОВА,
Жанна ӘДІЛХАНОВА,
ЖОО-ға дейінгі дайындық
кафедрасының оқытушылары

ҚҰРЫЛТАЙШЫ:

**Әл-Фараби атындағы
Қазақ ұлттық университеті**

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің
Басқарма Төрағасы – Ректоры
Жансейіт ТҮЙМЕБАЕВ

Ақпарат және коммуникациялар
департаментінің директоры
Қаншайым БАЙДӘУЛЕТ

Бас редактор: Гүлнар ЖҰМАБАЙҚЫЗЫ
Жауапты хатшы-дизайнер: Талғат КІРШІБАЕВ
Тілшілер: Қайыржан ТӨРЕЖАН,
Гүлзат НҰРМОЛДАҚЫЗЫ
Фототілші: Марат ЖҮНІСБЕКОВ
Корректор: Күләш ҚАДЫРБАЕВА

МЕКЕНЖАЙЫ:

- 050040, Алматы қ., Әл-Фараби даңғылы, 71, ректорат, 3-қабат, №305, 307 бөлме. Байланыс телефоны: 377-33-30, ішкі: 32-27, 32-28, тікелей: 377-31-48.
- Электронды мекенжай:
kaznugazeta@gmail.com
- Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттелді. «Everest» баспаханасында басылды.

Кезекші редактор: Қайыржан ТӨРЕЖАН

Бағасы келісім бойынша.

Газетке жазылу индексі: 64787

Таралымы – 3000

- Жарияланған мақаладағы автор пікірі редакцияның көзқарасын білдірмейді.
- Редакцияға түскен қолжазба қайтарылмайды, үш компьютерлік беттен асатын материалдар қабылданбайды.
- «Qazaq universitetine» жарияланған мақала көшіріліп басылса, сілтеме жасалуы міндетті.
- Жарнама мәтініне жарнама беруші жауапты.